

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

# BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

№ 3/2023

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2023

---

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

**Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 17.10.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

---

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,  
Астана, Казахстан  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана,  
Казахстан

**Редакционная коллегия**

**Аймухамбет Ж.А.** доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
**Актаева К.** доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.  
**Абсадық А.А.** доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан  
**Бредихин С.Н.** доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ  
**Гайнуллина Ф.А.** кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан  
**Ермекова Т.Н.** доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан  
**Есиркепова К.К.** кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан  
**Жусипов Н.К.** доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан  
**Курбанова М.М.** доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан  
**Камзабекулы Д.** академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
**Курсыжан Л.А.** кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея  
**Онер М.** доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция  
**Пименова М.В.** доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ  
**Сайфулина Ф.С.** доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 10.10.2023 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

---

**Chief Editor Daurenbekova L.N.**  
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute  
Institute, Astana, Kazakhstan  
**Editor-in-Chief Alimbayev A.E.**  
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute,  
Astana, Kazakhstan

**Editorial Board**

<b>Aimuhambet Zh.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Aktayeva K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
<b>Absadyk A.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Bredikhin S.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
<b>Yermekova T.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
<b>Yesirkeпова K.K.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Zhusipov N.K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
<b>Kurbanova M.M.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
<b>Kamzabekuly D.</b>	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Kuryzshyan L.A.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
<b>Oner M.</b>	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
<b>Pimenova M.V.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
<b>Seifullina F.S.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 17.10.2023 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

---

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ABYLOVA G.E., ARIPZHAN G.Zh.	The concept of time in the ancient turkic written monuments.....	7
НУРГАЗИНА А.Б., ТЛЕШ Қ.Е., АЮПОВА Г.К.	Художественный концепт «форсайты» в пространстве текста и способы объективации его смысла.....	20
РАМАЗАНОВ Т.Б., АХМЕТ А.Н., ШОРМАКОВА А.Б.	Лингвокультурный характер диалога в художественном тексте.....	38
САГИДОЛДА Г., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., САПАРНИЯЗОВА М.	Ясауи «Хикметтері» тілінің когнитивтік құрылымы: «иман» тұжырымдамасы.....	56
ШАҚАМАН Ы.Б.	Сөз гешталты.....	72

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АДАЕВА Е.С.	Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері.....	85
АЛИМБАЕВ А.Е.	Ежелгі жыр-дастандардағы елдік пен қаһармандық.....	102
АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М. ОРАЗБЕК М.С.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы қала бейнесі.....	115
АХМЕР Б.Е., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., КУРМАМБАЕВА К.С.	Серікбол Қондыбайдың «ілкі төр» концепциясының символдық-мифопоэтикалық мәні.....	126
ӘБСАДЫҚ А.А., ДОСОВА А.Т.	«Қырық мысал»: жинақтың жариялану тарихы және оның Абай шығармашылығымен үндестігі.....	139
ТҮСІПОВА Г.Б., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Алаш кезеңіндегі аударма: Ж.Аймауытұлы – ДЖ.Лондон әңгімелерін қазақ тіліне тұңғыш аударушы.....	156
ZHARYLGAPOV ZH.ZH. SYZDYKOVA B.E.	The concept of archetype in literature and Jung's theories.....	172
КЕРІМБЕКОВА Б.Д.	Дулат Исабеков прозасындағы юмор мен сатира («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі негізінде).....	185
ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӨРСЕНБАЕВА Ж.Б., ХУАТБЕКҰЛЫ Е.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңа тенденциялар (А. Елгезек, Б. Қарағызұлы, Е. Жүніс шығармалары негізінде).....	197
ОМАРОВ Б.Ж.	«Панчатантра», «Кәлила мен Димна» және қазақ мысалы: сюжет пен трансформация.....	214

---

САҒЫНАДИН Г.	Эстофольклортанудың кейбір ғылыми-теориялық мәселелері.....	231
ТОҚСАМБАЕВА А.О. ҚАДЫРОВ А.Қ. ҚАБЫШЕВ Т.Б.	Рахымжан Отарбаевтың драмалық шығармаларындағы хан-сұлтандар мен батырлар бейнесі.....	242

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АЗАТБАҚЫТ А.А., КАРТАЕВА А.М., ТАМАЕВ А.Т.	М.Әуезов әңгімелерін оқытудың ғылыми-теориялық негіздері.....	260
ASAVBAEVA G.B., YEREZHNEPOVA S.K. ZHUMSAKBAYEV A.T.	Teaching languages in technical universities.....	272

XҒТАР 17.82.30

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.17>

\*А.О. ТОҚСАМБАЕВА<sup>1</sup> 

А.Қ. ҚАДЫРОВ<sup>2</sup> 

Т.Б. ҚАБЫШЕВ<sup>3</sup> 

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан<sup>1,2,3</sup>  
(e-mail: [aiman-63@mail.ru](mailto:aiman-63@mail.ru)<sup>1</sup>, [aibar\\_kadirov@mail.ru](mailto:aibar_kadirov@mail.ru)<sup>2</sup>, [talgat\\_kabyshev@mail.ru](mailto:talgat_kabyshev@mail.ru)<sup>3</sup>)

## РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВТЫҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАН-СҰЛТАНДАР МЕН БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ

**Аңдатпа.** Мақаланың мақсаты – жазушы Рахымжан Отарбаев шығармашылығының өзіндік стильдік ерекшелігі, жазушының образ сомдау ерекшелігі, бүгінгі прозадағы орны, дәстүр мен жаңашылдық мәселесін қарастыру. Ғылыми жұмыстың негізгі идеясы –Рахымжан Отарбаевтың драмалық шығармаларындағы хандар мен сұлтандардың, батырлардың бейнесін суреттеудегі ерекшеліктерін мысалдар арқылы көрсету.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы – мақалада Рахымжан Отарбаевтың шығармашылық мұрасы жан-жақты талданады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі А.А. Белих, Х.Г. Гадамер, Е.И. Диброва, И.Д. Ермаков, Л.В. Карасев, Г.К. Котков, Е.М. Лулудова, В.П. Руднев және тағы басқа да әдебиеттанушы ғалымдардың философиялық және әдеби зерттеу еңбектері болды.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижесі – Рахымжан Отарбаевтың шығармашылық мұрасына байланысты ғылыми талдаулар жасалды, жазушы шығармаларының көркемдігі мен тарихилығы нақтылы мысалдар арқылы дәйектелді.

Рахымжан Отарбаевтың суреткерлік әлемі замандастарынан қарағанда ерекше деп айтуға болады. Оқыған сайын ойың алысты көреді, ойдан ой туып, тағы да жаңа бейне көрсем деп үміттенеді. Жазушының көркем шығармаларының басты мақсаты – адам мен қоғамның болашағы. Осы үш өзек әр шығарманы оқыған адамның санасын оятып, рухани байлық береді. Адам – кешегі бабаларымыз, анығында Отарбаев жазған Бейбарыс, Махамбеттер. Ал қоғам дегеніміз – сол қайраткерлер өмір сүрген кезең, уақыт, орта. Ал болашақ келесі ұрпақтың танымы мен көкжиегі, ертеңгі елдің ту ұстарларының тұлғалар өмірінен нәр алуы, сусындауы.

Зерттеу жұмысында салыстырмалы талдау, жүйелілік, жинақтау, тұжырым жасау әдістері пайдаланылды.

Жұмыс қорытындыларының практикалық маңыздылығы – бұл мақала

жоғары оқу орындарындағы әдебиеттану пәндерінің циклі бойынша дәрістер мен семинарларға дайындық кезінде қосымша оқу материалы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

**Түйін сөздер:** қазақ прозасы, Рахымжан Отарбаев шығармашылығы, психологизм, образ, дәстүр мен жаңашылдық.

**Кіріспе.** Рахымжан Отарбаев қазақ әдебиетінің жаңа кезеңіне, оның ішінде проза саласына өз даралығымен келген қаламгер. Жазушының қаламынын шыққан «Біздің жақтың амазонкалары», «Құпия түн», «Қараша қаздар қайтқанда», «Отверженный мир», «Дауысыңды естідім», «Шыңғыс ханның көз жасы», «Аспандағы ақ көбелектер» және тағы басқа туындылары көпшілік оқырман қауымның қызығушылығын туғызды. Рахымжан Отарбаевтың соңғы жылдары жазылған «Бас» романы және пьесасы түрік тілінде Түркияда жарық көрді. Жазушының образ сомдау және тарихи оқиғаны беру ерекшелігі қалың оқырманды қызықтырып, өзіне тартты.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта тарихымыздағы ұлы тұлғалардың өміріне арналған зерттеулер ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізге жаңа леп қосты. Осы арқылы кешегі ержүрек бабаларымыздың батырлығын, өр мінезін, мұрасын зерделеп, ұрпақ санасында сақтауға болады. Рахымжан Отарбаев өз туындыларында ұлт қайраткерлерінің өмірін өзек еткен жазушы. Қаламгер алғаш рет Сұлтан Бейбарыс бейнесін қазақ көрермендеріне таныстырып, ұлттық сахнаға шығарды. Сұлтан Бейбарыстың тарихи тұлғасының кең көлемде насихатталуына мұрындық болды.

Әлемде озық үлгідегі көркем әдебиетті насихаттайтын тамаша үрдіс бар. Көзіқарақты оқырман әлгі шығарманы тауып оқып, өз бағасын беріп жатады. Бұл дәстүр кейінгі жылдары біздің елдің әдебиетіне де келді. Қазіргі қоғам нарықтық экономикаға сіңіп барады дегенімізбен әлі де кітапты іздеп жүріп оқитын адамдар баршылық. Р. Отарбаевтың рухты ақын Махамбет Өтемісұлы туралы жазған «Бас» романы алдымен оқырмандар арасында көп талданды.

Р. Отарбаев романды қалай жазу керектігін өзінен кейінгі буынға байыппен үйрете білді. Бұған дәлел де осы «Бас» романы. Нобель сыйлығының лауреаты жазушы Мо Ян бір сөзінде: «Жазушылықты кәсіп еткен адам үшін бір әңгіме жаза салудың еш қиындығы жоқ. Алайда тек қана тауқыметті өмірді өз басынан өткізген адам ғана сезінетін тағдырды, адамның адамшылдығы ғана жеңуге шарасыз әлсіздіктер туралы аяушылықтарды талант күшіне сүйеніп қиыстырамын деу оңай нәрсе емес» дейді. Р. Отарбаев пен Махамбеттің арасында үш ғасыр уақыт өтті. Жазушы Махамбет батырдың дәуірін бүгінгі адамның ойына салып суреттеді.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу барысында көркем мәтінді талдаудың герменевтикалық, психоаналитикалық әдістері қолданылады. Зерттеушілердің пайымдауынша, мәтінді тану үшін жан-жақты, көп қырлы



талдау қажет. Мәтіннің мағыналық мазмұны мен композициялық құрылымының ерекшеліктерін түсініп қана қоймай, сонымен қатар авторлық ұстанымды, автордың ішкі әлемін, шығармашылық даралығын, дүниетаным ерекшелігін, оның шығарманы кімге бағыттап жазғанын да ескерген жөн. Герменевтика өнер туындысын жеке дара қарастырмай, оны тудырған, дүниеге келуіне ықпал еткен дәстүрлі мәдениет аясында тану, түсіну қажеттігін алға тартады [1, 254]. Мәселен, біз зерттеу нысанына алған қаламгер Р. Отарбаев өз өміріне тікелей қатысы бар жағдайларды шығармаларына негіз етіп алады.

**Талқылау мен бақылау.** Жазушы Р. Отарбаевтың тарихи тұлғалардың өмірін арқау еткен туындыларын тақырыптық-мазмұндық жағынан шартты түрде екіге бөлуге болады:

1. Хан-сұлтандар мен батырлар бейнесі;
2. Өнер адамдары: ақындар, күйші, суретшілер бейнесі.

Драматургтің тарихи тақырыпқа арналған «Бейбарыс сұлтан», «Жәңгір хан», «Бас», «Абай: сот», «Сырым батыр», «Махаббат мұнарасы», «Мұстафа Шоқай», «Фариза мен Мұқағали» драмалық шығармалары қазақ тарихындағы белгілі тұлғалардың өмірін жан-жақты бейнелеуге арналады.

Қаламгер Р. Отарбаевтың драматургия саласындағы шығармалары қазақ халқының әр кезеңдегі трагедиялық жағдайы мен дәуір шындығын ашуымен ерекшеленеді. Қаламгердің тарихи эпикалық жанрдағы екі актілі, төрт көріністі «Бейбарыс сұлтан» пьесасында қазақ тарихында ғана емес, әлем тарихында айрықша дара тұлға Бейбарыстың 12 жасында құл базарында итальян саудагерлеріне 800 дирхамға сатылған сәтінен бастап, өмірінің соңына дейінгі кезең ширыққан драмалық, психологиялық тартыстар арқылы әдемі суреттеледі. Пьесадағы мәмлүктер, елшілер мен Шейх, Құтіз, т.б. бейнелер, олардың арасындағы полемикалық тартыс басынан аяғына дейін тастүйін қалпынан ауытқымай, шебер түрде қиюласқан. Драматург-жазушы жат жерде жүріп, құлдықтан хандық дәрежеге көтерілген ұлтымыздың мақтанышы сұлтан Бейбарыстың бейнесін тым асқақтатпайды, керісінше жан-жақты көркемдеп жарқырата жеткізеді. Драма оқиғасы басталатын Кіші Азияның Сиуас қаласындағы құл базарында туған жердің бір түп жусанын отқа тастаған уәзірге көрсеткен өжеттігінен-ақ тұтқын бала Бейбарыстың болашақ тұлғасын аңғартады. Жалпы тарихи драмада сұлтанның бейнесі әр қилы драмалық тәсілдермен түрлі әрекет үстінде ашылып отырады. Бірде мейірбан әке, бірде көзсіз батыр, енді бірде мықты стратег қолбасшы ретінде тұлғаланатын Бейбарыстың образын драматург Р. Отарбаев тарихи детальдар арқылы дәлме-дәл айшықтап бере білген. Пьесада сұлтан Бейбарыстың туған жерге, ата жұртына деген сағынышы ерекше мәнге ие. Драманың соңында Бейбарыс сатқын шаһар әкімінің у қосылған қымызын ішіп, қаза табады. «Бейбарыс сұлтан» пьесасында Бейбарыстың өсу жолы, оның билікке келуі сияқты тарихи оқиғаларды автордың өз санасынан өткізіп барып бергені анық көрінеді. Бұл

оның туған топырағын үнемі аңсап жүретінін репликалары мен ішкі толғанысынан, авторлық ремаркалардан білінеді. Жалпы пьесадағы образдар жүйесінің архетониалық ерекшелігі де драматургтің жеке қолтаңбасын айқындап тұрады.

Текті тұқымнан шығып құл болса да оның тектілігі құлдық қамытын мойнына салғынымен рухы азат болғанын береді. Символдық астарлау ой – қай кезде де құлдық тәнінде болса да, рухың азат болса, түптің түбінде еркін боласың деген түйінге әкеледі.

Р. Отарбаев қазақ драматургиясына тәуелсіздік әкелген еркіндікпен бірге тың ойлар мен жаңа бейнелеулер әкелді. Ғалым Р. Нұрғали қазақ драматургиясының төркінін іздегенде, ең алдымен ұлттық әдебиет үлгілеріне ден қою қажет екендігін, драматургияның жалпы заңдылықтарын, драмалықтың сабақтарын Еуропа нұсқаларынан үйренген қаламгерлер, өмірлік материалдарды сұрыптап, шығарма мақсатына орай пайдалануға келгенде – туған топырағындағы дәстүрлерді ілгері жалғап отырды деп драматургияның отандық ерекшелігін айтады.

Р. Отарбаевтың драматургия саласында ерекше шыққан «Мұстафа Шоқай», «Жәңгір хан», «Сырым батыр» пьесаларының да негізгі лейтмотиві – тарихи тұлғалар мен ұлттық идеология мәселесі. Драматург өз туындыларында бейнеленген тарихи тұлғалардың диалогы мен монологы арқылы өз ойын, өз пайымын ұсынып отырды десек артық айтпаспыз.

«Мұстафа Шоқай» пьесасында сол «Бейбарыс сұлтан» пьесасындағы еркін ой мен азаттық идеясын жалғастырып, қазақ халқының еркіндігі жолында құрбан болуға дайын болған халық ұлының бейнесін береді. Мұстафа Шоқайдың орыс империализмінің басқыншылық саясатын түсініп, оған қарсы пікірін білдіруі және негізгі идеясын, яғни қазақ халқының бостандығы мен еркіндігі үшін аянбайтынын ашық айтуы арқылы қаһармандық бейнесін жасайды.

Драматург «Жәңгір хан» пьесасында қазақ тарихында қайшылыққа толы тұлға Жәңгір бейнесін қайта танытуды, хандық-азаматтық болмысын салқынқандылықпен бағамдауды мақсат еткен. Тарихи тұлға ретінде Жәңгір ханның халық ішінде және кеңестік идеологияның үрлеуімен үлкен отқа айналғандай бейнесі оның зұлым, халыққа қарсы адам ретінде көрінуіне әкелгені белгілі. Әсіресе Махамбеттей алапат ақынның ауызынан шыққан сөздерден кейін Жәңгір ханның образы халық арасында қара күйе жұққандай болып қалып отырды. Пьесада бір жағынан патша үкіметінің қыспағы, екінші жағынан ел ішіндегі Махамбет бастаған топтың ханға қарсы наразылығынан екіұдай күйге түскен Жәңгір ханның образы жаңа бір қырынан сомдалады. Автор Жәңгір ханның адам ретінде жаны күйген тұстарын анық көрсеткен. Р. Отарбаевтың «Бас» романы Махамбетке арналып оның бейнесіндегі тарихи шындықты аша түссе, «Жәңгір хан» пьесасында Жәңгір ханның тұлғасын да

тура сол Махамбеттей жақсы көріп сомдаған. Жалпы драманың басты құралы тартыс. Сол тартыс арқылы кейіпкерлердің қақтығысы мен оқиғаға араласуы пайда болады.

Бұған қоса аталған туындыда айрықша дараланып көрінетін кейіпкердің бірі – ханның жары Фатиманың бейнесі. Фатима Николай патшаның таққа отыру рәсіміне арнайы шақырылып, орыс патшасымен би билеген тұңғыш қазақ әйелі, әрі оның орысша да сауатты болғаны жайлы ғалымдардың зерттеу еңбектерінде көп айтылады. Осы тарихи мәлімет пьесаның өн бойында негізгі желі болып өріледі. Тіпті ашынған халықтың қаһары мен патша отаршылдарының бұғауынан шығар жол іздеп аласұрғанда, Жәңгір ханның өзі Фатиманы қорған тұтып, жарына арқа сүйейді. Сонымен қатар, тарихи драмадағы Жәңгірдің ойына маза бермеген көп армандарының бірі – мектеп ашып, ондағы түлектерді Неплюев кадет корпусына оқуға жібергендегі қуанышы, елдің амандығы үшін жазалаушы отрядтан сақтандырып, билерге астыртын кісі шаптыруы сияқты оқиғалар халқының амандығын тілеген жанның әрекеті еді. Осы сияқты кесек оқиғаларда Жәңгір тек адамдық болмысымен ғана емес, ел тізгінін ұстаған азамат ретінде де жақсы ашылады.

Исатай қазасын естігендегі «аһ ұрған» өкініші мен Махамбетке қайғыра көңіл айтуы да шынайы көрінеді. Автор Жәңгір ханның бұл әрекеті арқылы оның орыс империясының қитұрқы саясатының құрбаны болған бейнені береді. Қазақтарды бір-біріне қарсы қою арқылы өздерінің арам пиғылдарын жүзеге асырған орыс генерал-губернаторларының жиіркенішті бейнелерін жасайды. Олардың қазақтар туралы айтқан сөздері арқылы қазақ халқын адам қатарына санамайтын, басқыншы екенін көрсетеді.

Қазан қаласынан, Уфадан келген татарларға туысқандық көңілмен бауырластық танытуы пьесаның көркемдігі мен идеялық деңгейін көтерумен қатар, Жәңгір ханның тұлғалық болмысына қатысты бүркемеленіп, біржақты айтылып келген айыптауларға қарсы тарихи ақиқатты ақтарады. Хан ретінде тақта отырған Жәңгір қарапайым адам ретінде және адамгершілігі жоғары зиялы тұлға ретінде көрінеді. Мұсылманша да, еуропаша да білімді ханның орыс саясатының құрбаны екенін баса ашады.

Жәңгір ханның ел арасында қалыптасып қалған Махамбеттің өлеңіндегі бейнесі тарап, орнына елін ойлаған тұлғаның бейнесін көрсетеді.

Халқаралық деңгейдегі Шыңғыс хан бейнесі мен оның басқыншы, озбыр жаулаушы ретінде қалыптасқан бейнесі жазушының «Шыңғыс ханның көз жасы» хикаятында басқа бір қырынан ашылады. Ол шығармада жаулап алушы емес, халықтың басын біріктіруші тұлға деңгейінде көрінеді.

«Шыңғыс ханның көз жасы» хикаяты – жаңа заман әдебиетінің ірі жазушысы Рахымжан Отарбаев шығармаларының ішіндегі ең бір салмағы ауыр шығарма. Шыңғыс хан тұлғасы төңірегінде қызу айтыс-тартыс көрігі қызып тұрған шақта оның бейнесін жаңаша жасауға, басқа қырынан көрсетуге кім-

кімнің де жүрегі дауалай қоймасы белгілі. Дегенмен де, кейбір мінезді дарын иелерінің өткір қаламын қылыштай жалаңдатып, от пен судың ортасына қойып кету үшін жаратылатынын мынау жарық дүние әлдеқашан мойындаған.

Қатпары қалың бұл шығармаға әдеби жағынан бойлау – өз еркіңмен тұңғыққа бату, тарихи жағынан бірдеңе деп пікір білдіру – жалаң қолмен шоқ көсеу, шырқыраған жаның көзіңе көрініп, қылпылдаған өткірдің жүзімен жүріп өтумен тең.

Хикаят тарихи және әдеби – қос өрімнен тұрады. Жазушының Шыңғысханға қатысты басқа тарихи деректерді қолданғанда жіті мұқияттылығы мен асқан жауапкершілігі айқын көрінеді.

Шығармада терең мәнді философиялық мағына, кейбір тұстарында мистикалық сипаттың көрінісі бар, осы сияқты, көркемдік әдіс-тәсілдердің алуандығы бір бөлек әңгіме.

«Шыңғыс ханның көз жасы» шығармасында күнді түннің алмастыратыны сияқты ерте ме, кеш пе өмірге де өлімнің әйтеуір бір кез келетіні туралы философиялық мағына бар.

Сондықтан, «Тағы бір таң атты. Кімдерді қуантады екен?..» деп басталатын қысқа прологы мен «Тағы бір күн батты. Кімдерді мұңайтады екен?..» деп түйінделетін эпилогындағы өзектік байланыс қат-қабат мазмұнға ие. Көзге де, көкірекке де бірден жатталып қалатын бұл поэтикалық параллель шығарманың бас-аяғын тап-тұйнақтай етіп тұрады. Құрылымдық жүйесінде де автор жаңаша иірімдер тапқан. Шығарманың сырқы композициялық құрылымы болып табылатын пролог пен эпилог өзара үндесіп, жалпы туындының идеясынан хабар береді.

Қандай айбар-қажыр иесі болма, адамға берілетін өмір мерзімі шектеулі. Уақыт өте, жастықты – қарттық, албырттықты – даналық, желікті – сабыр алмастыруы заңды. Рахымжан Отарбаевтың Шыңғыс ханының да өмір өткінішілігіне деген өкініші бар. Алайда, оның көңілін тоқ ететін бір нәрсе, ұрпағына қалдырған мұрасы – жарты әлемнің билігі, мәңгі ортаймайтын асқақ рух: «Мұның ғұмыры қамшының сабындай-ақ болар. Бірақ астындағы тұлпарды қамшылайтын сабы емес. Сапқа бекітілген жуан өрім дойыр. Бекемдігі бет қаратпас сол дойырды соңына сайлаған жоқ па? Сол қару желдиірмендей айналып бүкіл елдің төбесінде тұрған жоқ па? Ендеше алаңдайтын несі бар? Өтейін өзеннен!..» [2, 215]. Өмірдің өткініші екенін біле тұра Шыңғыс хан елдің бірлігін, тұтастығын ойлап, өзінің тарихтағы орнын анық белгілеп алғанын көрсетеді. Автор нарратор ретінде бірде Шыңғыс хан болып толғанса, бірде оның сыртынан сипаттап баяндаушы қалпына ауысып отырады.

Алтай мен Сарыарқаның даласын, күллі қыпшақ ұлысын, бөлшек-бөлшек орыс княздіктерің, барлық Батыс Еуропаны, Түркістан мен ауған елін, Үндістанды, Парсы мен Кавказ тауын, Жоңғар мен Шыңғыс Түркістанды,

найман мен таңғұтты, Цзинь мемлекетін меншіктеген [2, 214] Шыңғысхан бабамызды Көк Тәңірінің өзі қолдамаса, «Әлем әміршісі» атана ма?

Әлқисса, осыдан 1000-1500 жыл бұрын Еуропа дамуы жағынан Шығыс елдерінен көп кейін болғанын білеміз. Кейінгі 500 жылда Шығыстан, соның ішінде түркілерден озық ойлы жаңалықтарды алып, бұмен жылу машинасын, теңіз көлігін жасап, зауыт-фабрикалар салып, өндірісті қарқынды дамытты. Ғалымдары мен ойшылдары көп жаңалық ашып, қоғамның дамуында да алға кетті. Дүниежүзіндегі екі ұлы империя – Қытай мен мұсылман елдері қалып қойды. Идеологияны әлдеқашан қаруға айналдырған батыс елдері үшін Шыңғыс бабамызды жабайы, жауыз етіп көрсету, әрине, осы тұрғылан келгенде тиімді еді. Кешегі Кеңес идеологиясы да «қанқұйлы Шыңғыс» стереотипін санаға сіңіріп бақты. Сол стереотип ұзақ уақыт қағымыздан жеріндіріп келгені рас.

Шыңғыс хан – соғыс жағдайында әрекет етуші жауынгер тұлға, «соғыс құдайы». Егер бұған дейін жазылған шығармаларда ізгілік пен жауыздық қақтығысында Шыңғыс хан бейнесі сөзсіз зұлымдықтың ғана метафорасы ретінде көрініс тапса, Р. Отарбаев шығармасында ол ізгілік жағында, жоғалған көшпенді рухының асқарынан қол бұлғап тұр.

**Нәтижелер.** «Шыңғыс ханның көз жасы» хикаяты – тәуелсіздік кезеңінде теріс идеологияның тас құрсауынан бұлқынып шыққан еркін шығармашылық ойдан туған шығарма деп білеміз. Шыңғыс хан бейнесін жаңаша жасау арқылы кеңестік жүйеден бері қалыптасқан стереотиптің астаң-кестеңін шығарған жазушының бұл шығармасындағы өзектілігін ешқашан жоғалтпаған һәм жоғалтпайтын даңқты әмірші бейнесін қазақтың ғана емес, күллі түркі дүниесінің ту етіп көтерер биік идеясына айналдыруға талпыныс жасаған қадамы деп бағалауға болады. Әрине, стереотипті бұзу үшін де қандай бір негіз керек.

Шыңғыс ханның өміріне қатысты түпнұсқа саналатын үш қолжазба бар:

1. «Моңғолдың құпия шежіресі»;
2. «Алтын топшы»;
3. Рәшид әд-Диннің «Жылнамалар жинағы».

Құбылай ханның қолында он екі жыл қызмет етіп, батыста моңғол-татар деп танылған көшпенділердің өмір-тұрмысын жете зерттеген, өзі куә болған талай ақиқатты бүге-шүгесіне дейін қағазға түсіріп, түркі дүниесі тарихын зерттеушілерге баға жетпес сый қалдырған саяхатшы Марко Поло өзінің «Әлемнің әралуандығы туралы кітабында» біраз деректер келтіреді. Марко Полоның саяхат қызығына толы кітабы кейін Шыңғыс хан әулетіне батыс тарихшыларының қызығушылығын арттырған. Бұл тақырып көркем әдебиетте де, ғылым мен кескіндеме өнерінде де өте өзекті тақырып болды.

Марко Полоның кітабы туралы қызығушылықпен жазған энциклопедист Пэрчестің кітабын оқып жатып, көзі ілініп кеткен ағылшын ақыны Сэмюэл

Тейлор Колридждің «Құбылай хан» поэмасының оқиғасы енеді [3]. Бұл 1797 жылдың жаз айларының бірі еді. Құбылай хан бұл сарайдың жобасын түсінде аян арқылы көріп, салғызған деген нақты дерегі бар Рәшид-әд-Диннің «Жылнамалары» ол кезде батыста белгілі емес, бұл еңбек ол жақта Колридж поэмасынан көп кейін аударылып басылған болатын. Қасиетті кітаптардан бастап, бүкіл миф пен аңызда кездесетін көркем әдебиеттегі түс, аян туралы фрагменттерді жинақтап, «Түс көру кітабын» құрастырған атақты Хорхе Луис Борхес те осы оқиғадан шабыттанып, «Колридж түсі» деген шығармасын жазған. Байқасақ, Шыңғыс ұрпағы туралы оқиға әлемдік деңгейдегі өнер адамдарының қиялын ұштаған.

Сөзіміздің Борхестің «Түс көру кітабына» ойысуы: тәуелсіз әдебиеттің еркін бағытын бірден сезініп, тың сүрлеуге түсе білген Рахымжан Отарбаевтың «Шыңғыс ханның көз жасы» хикаятына да тікелей қатысты. Рахымжан Отарбаев шығармасы – Борхестің «Түс көру кітабындағы» шығармалар тізімін толықтыруға әбден лайық, бұл хикаят бұрын-соңды қазақ прозасында кездеспеген жаңалық – бастан-аяқ түс көру тәсіліне құрылған: «... Айналасына қараң-құраң қаптап кеткендер кімдер? Тобанаяқтанып тыпыр-тыпыр басады. Үні көмейіне тығылып күбірлейді. Түрлері неткен қорқынышты. Көздері жаңа сойған еттей қып-қызыл. Не іздеп жүр бұлар? Күзетші қайда қараған? Жанторсықтай қалмайтын ақсүйектерін не қара басты? Әншейінде ұшқан шыбынды ұстап алар еді. Қаһанның алшая қонған ақ ордасының қаусырма есігі қараусыз қалған ба?

– Ұстандар тез! Әкеліңдер алдыма! – дегісі келген. Елең еткен жан, естір құлақ болмады.

Осыдан оянып кетейін!» [2, 153].

«... Ендігі сөзді естімеймін. Аулақ менен, аулақ! Әлгі сексеуілдің шоғына балқып тұрған қорғасын қайда?! Құйсын мына заржақ шалдың көмейіне! Сайдың сауысқанындай сұңқылдап, жаманат шақырудың не екенін білсін, бәлем!

Осыдан оянып кетейін» [2, 162].

«... Ақ көбігін аспанға атқан мына тасқын мені қайда алып барады?

Осыдан оянып кетейін» [2, 162], т.б.

Түркі әлемінің әдебиетінде кездесетін «зұлым Шыңғыс» бейнесінің қалыптасқан канондық сипатын бұзу үшін жазушы осы тәсілді әдейі қолданған блса керек. Шыңғыс ханның сыртқы сюжет арқылы бірден ізгілік жаршысына айналдырған болса, мұндай шешім оқырманды толық иландыра алмас та еді.

Хикаяттағы оқиғалар Шыңғыс хан туралы тарихта қалған аз ғана мәліметтер мен аңыздарға құрылған. Автор айтылып жүрген ақиқаттан аса алыстамайды. Тіпті қаған өліміне қатысты үш түрлі нұсқаның үшеуін де қисынын келістіріп, орын-орнына оймақтай ойып орналастырады. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, Шыңғыс өлімі әйелден келген. Қазақ әдебиетінде

жазушы Ә. Кекілбаевтың «Ханша дария» хикаясын мысалға алуға болады. «Шыңғыс ханның көз жасы» туындысында автор ертеден жеткен көмескі деректі көркемдік қиялмен ары қарай дамытып, бас-аяғы келіскен, жұп-жұмыр оқиға етіп кестелей келе былайша түйіндейді:

«Сұлудың зымиян сұмдығын қараңыз. Екі санның арасындағы ашамайына алмас жасырыпты. Дұшпандық ойлапты» [2, 202] – деп береді.

Марко Поло жазбаларындағы қоң етіне оқ тиіп, ақыры сол жарасы асқынып қаза болған деген пайымды Шыңғыс ханның жорық кезін суреттеуінде кіргізген екен:

«Қырғынның қызығына түсіп жүргенде өзі абайсыз жарақат алған. Қоң етін жаралапты. Елең етпеді. Бөрі басты туын желбіретіп, жеңіс күйін тарттырып елге беттеген...» [2, 211].

Бірақ Р. Отарбаев туындысында итальяндық саяхатшы Джованни Плато Карпини (XIII ғ.) жазғандай «ұлы қағанның басына аспаннан жай түскен» деп айтылған нұсқаны басты негізге алады. Ұлы ханның Көк Тәңіріден басқаға бас имегенін, Көк Тәңірі – күллі түркі әлемі наным-сенімі бастауы екенін меңзегісі келгені болар, жазушы үнемі «аспан, көк, биіктік» сызбасын ұстана отырып, ұлы әмірші өлімін де символды түрде тылсым көктен келтіреді, мұнымен қатар, даналық, ізгілік тәрізді биік мұраттарды үнемі жоғары ұстанып отырады [4, 115].

Оқиға сыртқы сюжетпен басталып, бас кейіпкер мистикалық жағдайда найзағай түсіп құлаған жерден кейін кілт тұйықталады да, бұдан кейінгісі өң мен түстің арасында жатқан Шыңғыс ханның ес түкпірінде тізбектелген оқиғаларға құрылып, қашан шешіміне жеткенше, ішкі сюжет – кейіпкердің ішкі ой-толғанысы арқылы дамиды.

«Адам өлер алдында бүкіл өткен өмірін көз алдынан өткереді» деген ұғым бар. Бірақ кім біледі, адамдар өліп қайта тірілмейді ғой...

Әдебиеттегі түс көру тәсілі хикаятта ұтымды пайдаланылған: төбесінен найзағай түсіп, өлім аузында жатқан Шыңғыс хан көз алдынан өмір мезеттерін өткізеді. Жазушы осы тұста кейіпкерін сандырақтату арқылы негізгі ойын айтқызады. Сонымен қатар, кейіпкерін қарапайым адам ретінде, эмоцияға беріліп, барлық іс-әрекетін өзіндік ой таразысына салуына, табиғи тепе-теңдік, өмірдің ағы мен қарасы, ақыр-аяғы, өзінің ұлы миссиясы туралы толғануына мүмкіндік береді.

Жалпы түс көру тәсілі – әдеби тәсіл ретінде өте кең тараған. Оның метафорикасы – шығарманың идеялық мазмұнын һәм автордың позициясын түсіндіру кілті [5, 87].

Әдебиеттегі композициялық элемент саналатын бұл тәсіл туралы жазған Х. Борхес, Ле Гофф, Ю. Лотман, Ю. Манн, М. Бахтин, Н. Томашевский, В. Ванслов, П. Флоренский, Р. Назировтар түс түрлері мен типологиясын жүйелеп, олардың орыс әдебиеті мен шетел классикалық әдебиетінің жекелеген



кезеңдеріндегі (романтизм, реализм, модернизм, постмодернизм) қолданысы мен мағынасын жіліктеп талдап береді [6].

М. Бахтин «Достоевский поэтикасының мәселелері» кітабында түс көрудің көркем тәсіл ретінде өз бастауын «менипп сатирасы» [7] жанрынан алатынын атап өтеді. «Менипп сатирасы» формасы арқылы күлкі тудырғанымен, мазмұнының негізінде аса салмақты нәрселер жатады. Жанр бойынша Р. Отарбаев әңгімелерінде кездеседі. Күлдіре отырып ойландыру – жазушының авторлық позициясы.

Хикаятта Бөрте қолға түскен таңғұт ханының сұлу әйелінің өне бойын тінтиді. «Екі санның арасындағы ашамайына» жасырған алмасты тауып, «жүзіқараның шашын талдап жұлыпты» дейді. Осы фрагментте мынадай сурет бар: «Жаны көз ұшында үріккен таңғұт ханының қатыны арпалысыпты. Тұншығып өлем деп дарияға жүгіріпті. Асылам деп арқанға жармасыпты».

Г. Назиров: «түс көру – көркем тәсіл ғана емес, сонымен қатар, сарын, символ һәм метафора да» [8, 36] дейді. Көркем шығармадағы түс көру тәсілі «эзоп тілі», аллегория сияқты астар, тұспалмен қатар жүреді. Бұл – Рахымжан Отарбаев қаламына тән иронияның айқын бір көрінісі.

«Шыңғыс ханның көз жасы» шығармасы тұтастай аллегорияға құрылған. Кең даланың төсінде өріп жүрген аң-құстарын бауырында аялаған табиғат пен адамның арасы ашыла қоймаған, ана мен баладай жақын.

Марко Поло кітабында Құбылай ханның аң аулау салтанаты суреттелетін «Ұлы ханның жабайы құстарды өзіне сыйға тарту тәртібін белгілегені туралы» деген тарау бар. Онда: «Ұлы Катай қаласында тұратын маусымдарда, яғни, желтоқсан, қаңтар, ақпан айларында өз төңірегінен алпыс күншілік жер аумағында аңшылық құруды бұйырады» [3, 118], – делінеді. Бұл – хикаяттағы Шыңғыс ханның аң аулау салтанатының ойдан шығарылмағанын айғақтайтын нақты тарихи дерек деп білеміз.

Шыңғыс ханның қосынымен аңға шығуын суреттеген кезде жазушы астар мен тұспалға қатты мән береді, абзацтардың қай-қайсысы да қатпар-қатпар мағынаға ие. Аң-құстардың өмірге құштарлығы, табиғаттың айқын бояулары, тылсым мистика араласып, ғажайып суреттер әлемін құрайды. Аппақ бұлт, қап-қара бүркіт, жоны өрттей құбылған қызыл түлкі – бір-бірімен бітіспес текетіреске түскен қарама-қайшы бояулардан айқын көрінетін антитеза «жұмбағымды шеш» деп тұрғандай. Ол сөзсіз аң аулау фрагментіндегі аллегорияларға нұсқайды. Борхестің лабиринт, айнадағы кескін тәсілі осы тұста айқын көрініс берген. Бүкіл елдің төбесінен жуан өрім дойыр қамшысын желдиірмендей айналдырып тұрған қаһары қатты Шыңғыс қаһан, қамшы астында бұғып, дірдең қаққан басқалар.

Хикаяттағы аллегория – бүкіл шығарманың микромазмұны, шығарма ішіндегі шығарма десек те болады. «Шыңғысханның көз жасы» қос деңгейлі шығарма. Метапрозалық сипаты басым көрінеді.



Шығарманың шытырман оқиғаға толы негізгі мазмұны – Шыңғыс хан туралы аңыздарға құрылса, астары қалың екінші деңгейі – жаһандану заманында ұлт тұтастығын сақтап қалу маңыздылығын меңзейтін астарлы ақиқаттан тұрады.

Бұл хикаят негізіне Шыңғыс хан туралы барлық аңыздар мен деректер, сонымен қатар, түрік дүниесіне тән әпсаналар мен тәмсілдер алынған. Тарихи сана призмасынан өткен, қиял ұштап, елес көмкерген бұл көне заман оқиғалары Рахымжан Отарбаевтай қаламгердің көркем тілді бояуымен қайыра кескінделгенде, екінші бір тынысы ашылып, жауһардай жарқырай түседі.

Біріншісінен жазушы жанына жақын, оның «өз Шыңғыс ханы» толық көрініс беруі заңды; ал екіншісінен өмірден көрген-түйгенін қорытындылайтын жасқа келген ойшыл Рахымжанның, кемел Рахымжанның ізгілікті ой-өсиетін анық оқуға болады. Жазушы Шыңғыс хандай тарихи тұлғаны өзіне тән көркемдік әлемінің полотносына сала отырып, хикаятты мағынасы қос қабат – қос өрім етіп өріп шығады. Бұл хикаятты Рахымжан Отарбаевтың жазушылық миссиясын айғақтайтын басты шығармасы деп атауға негіз бар.

Хикаятта мистикалық сарындар көркемдік-эстетикалық тұрғыда шебер пайдаланылған. Мұндағы Шыңғыс ханның бейнесі – жартылай мистикалық бейне. Көк Тәңірінің құйрықты жұлдызы – Шыңғыс хан. Аударылып-төңкерілген алау-далау ақ бұлттың бетіндегі «Әлем әміршісі Шыңғыс хан» деген жазу – күллі дүниенің Шыңғыс құдіретін мойындағанының белгісіндей!

Көк Тәңірінің қолдауын сезінген қаһан бойында тау қопаратын алапат күш-қуат, жойқын сенім бар. Бұл сенімнің символы – өзінен бір елі қалмай, қоса жылжып жүретін ақ бұлт. Ақ бұлт символы Рахымжан Отарбаевқа дейін де көркем шығармаларда кездеседі. Шыңғыс Айтматовтың «Шыңғыс ханның ақ бұлты» шығармасы соның бірі. Қазақ әдебиетіндегі мифология бойынша зерттеу жүргізіп жүрген зерттеуші, ғылым докторы Ж. Аймұхамбет: «Шыңғыс Айтматов «ақ бұлт» сюжетін пайғамбарлардың «әуелі де, ақыры да» болған Мұхаммед ғ.с. өмірінен алды деуге негіз бар. Діни әңгіме желісіне сүйенсек, Мұхаммед пайғамбар жастау кезінде Меккеден Шам шаһарына керуенмен келе жатқанда төбесінде аптап ыстықтан қорғап бір шөкім ақша бұлт еріп жүреді. Керуен тоқтағанда пайғамбар бір ағаштың түбіне тынығуға барса, бұлт та сол ағаштың үстіне келіп, көлеңкесін түсіреді. Мұны жұрт та байқап тамашалайды. Бұл бір шөкім бұлтты Мұхаммед ғ.с. Алланың сүйікті пайғамбары әрі елшісі екендігінің белгісі, дәлелі деп қабылдайды» [9], – деп жазады. Яғни «бұлт» туралы сюжеттің болуы және оның түркілік дүниетаныммен байланысты келуі әлі де зерделене түсу керек деп санаймыз.

«Жестокий век» романын жазған Ян Калашников Шыңғыс ханның анасы Оэлуң (Өэлүн) атының мағынасы – «бұлт» деген сөзден шыққан деп береді.

Хикаят сюжетінің ең бір ұтымды тұсы экспозициядағы – Шыңғыс ханның өмірден өлімге өтер шағы болса, осы тұсты автор ақ бұлт пен тосыннан пайда

болған қара бұлттың шарт та шұрт айқасы арқылы береді.

Арыстан жалданып, алуан мүсінге түсіп, Бұрхан-Халдун тауы жақтан өршеленіп келе жатқан қара бұлт – Шыңғыс ханның ажалы соның өзі!

«Ақ бұлт пен қара бұлт кешікпеді, жағаласа жөнелді» [2, 150].

«Қара бұлт өктемдік алыпты. Ақ бұлт есін жинай алмай, шашырады. Төмендеп көшкен, жолын кесті. Шырқау биікке ұмтылған, төбесінен төнді» [2, 151].

Жан алысып, жан беріскен бұлттар шайқасын төменнен бақылап тұрып, өз талқанының таусылуға таянғанын сезінген хан Шыңғыстың соңғы әрекетінен ажалға, тағдыр мен маңдайдағы жазуға келгенде, адам баласы еш қауқарсыз екендігі көрінеді.

Найзағай ұрып, шыр айналған ақбоз тұлпардан ауып түскен хан бірден жан тапсырып жүре берген жоқ. Аз уақыт төсек тартып, дерт меңдеген сандырақты түстер көреді. Бүкіл өмірі көз алдынан жүріп өтеді.

Хикаяттың негізгі сюжеті осы «қас-қағым сәтке» құрылған.

Жалғыз кейіпкері – Шыңғыс хан, басқалары – елес, түс, ес-түссіз жатқан бас кейіпкердің көз алдында көлбеңдеген бейнелер. Мұндай суреттер Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» повесінде де кездеседі.

Бұдан әрі оқиға бас кейіпкердің ішкі толғаныс, монологына – психологиялық жалқы иірімге ойысып, ішкі сюжет арқылы өріледі.

Қуатты күнінде адамға алапат қайғы әкелген қаталдығы мен үстемдігі өлім аузында жатқан Шыңғыстан күрт кеміп, кенет жүрегінде қарапайым пендеге тән бақыт, ұрпақ өрбіту, оның қызығын көру сынды ізгілік болып толықсып, толып жүре береді.

Оның Бұрхан-Халдун тауына, Ұлытаудың жеріне деген махаббаты, балаларына, әсіресе, Жошыға деген әкелік сезімі, ата-анасын сағына еске алуы, ақыры, ханның көзінен ып-ыстық жас болып тамады. Оң мен түстің арасындағы арпалыс бірін-бірі мәңгілік жеңе алмайтын зұлымдық пен ізгіліктің қақтығысындай болып көрінеді. Хикаяттың көркемдік-эстетикалық ерекшелігі – Рахымжан Отарбаевтың өзіне тән көркемдік сөз орамдары оның дискурстық ерекшелігі десек болады.

Көркемдігі де ерекше: Күрделі эпитеттер мол кездеседі: «Желге қарсы көшкен түйдек-түйдек қара бұлт» [2, 151];

«Жолбарыс жығар айбатын алпыс екі айлалы түлкіге қор еткені ме?», т.б. [2, 151].

Теңеулерден ұлттық өрнек көрінеді: «Ақ бураның шудасындай боп қалқып тұрған ақша бұлтқа жанасуы мұң екен, айбат шеккендей күркіл күшейді» [2, 151].

«Шудадай қалқып, қорғасындай балқып көшкен оларға дүние тарлық еткенде, адамдарға неғып кеңі қойсын?!» [2, 150].

Әсіресе көңіл аударуға тұрарлық ерекшеліктерді автор қайталау тәсілі

арқылы даралағаны белгілі. Соның бірі, жоғарыда келтірілген: «Жылнамашы түрік қайда жүр? Әлі де айтары көп. Аманаты аз емес» – мұнда да астарды мағына аз емес.

Шыңғыс хан ғылым-білімге қатты көңіл бөлген. Жаулап алған елдерінің кітапханаларын ешқашан өртетпеген. Мұнара, мешіттерін де қиратпаған. Дінге таңдауды шектемеген. Сонымен қатар, жазушы мұнымен жазу-сызудың, өнер-ғылымның бәрі өз бастауын түркі әлемінен алатынын меңзеген. Хикаятта алтын қайыққа мініп, Секер көлінде аққулармен бірге жүзіп жүретін мұңды ару бейнесі бар. Қасындағылар қара ниетпен ұмтылғанымен, Шыңғыс хан оларды тоқтатады. Ару жүзген алтын қайық қағанның көзін ғана қуантып қоймаған, ой да түсірген. Өлгенінде жататын алтын табытын елестеткізген. Арудың қайығының төңкеріліп суға батып кетуі де тегін емес, мұның астарына автор Шыңғыс салынған табытты су түбіне жасырған деген тағы бір аңызды жасырады.

Бұл – Шыңғыс ханның соңғы өсиеті. Ұлы қаған қайтты бақи әлемге.

Біреудің: «Шығыс көгіндегі жұлдыз сөнді», – деп мұңаюы, енді біреулердің: «Қан уыстап туған Шыңғыс хан бақиға көшті. Сүйінші!» – деп шапқылауы – бір ортақ мәмілеге келуі неғайбыл адамзат әлеміндегі мәңгілік қарама-қайшылықты көрсетіп тұр.

Бұл хикаят – терең философиялық шығарма. Онда жазушының өз өмір философиясы – ізгілік формуласы жасырынған.

Жазушының хикаятты жазудағы мақсаты – ұлы мақсат болатын. Ол Шыңғыс хан болып сөйледі. Айтарын Шыңғыс хан болып айтады.

Бұл философиялық хикаятта астар мен түспал өте көп. Аллегория көп нәрседен хабар береді. Аллегориялық бейнелер мен символдық түспалдаулар арқылы жазушы бүгінгі заман туралы өз болжамын жасағандай көрінеді.

**Қорытынды.** Жазушы-драматург Рахымжан Отарбаев шығармалары тарихи, философиялық, бүгінгі заманауи өмір көріністеріне ілесе алған соны туындылар. Жазушының шығармалары бүгінгі адам мен қоғамды, ескі мен жаңаны, өткен мен болашақты тұтас қамтиды. Демек, қаламгер-драматург Р. Отарбаев өзіндік шығармашылық болмысымен, тарихи шындық пен өмір шындығын, заман, замандас бейнесін асқан дәлдікпен ұтқыр бейнелеген қаламгерлік қуатымен бүгінгі қазақ әдебиетіндегі үздік қаламгерлердің бірі десек қателеспейміз.

«Өмірінің соңғы жылдарында Рахымжан Отарбаев рухани сананы сілкіндіретін шығармалар жазып, суреттеудің биігіне көтерілді. Жазушы шеберханасына дендеп енген сайын, суреткердің сиқырлы әлемі, сөз сиқыры оқырмандарын өзінің поэтикалық әлеміне тарта түседі.

«... Көңілінің кірі бар адам қолына қалам алып, алдына қағаз жаюға болмайды, өйткені ақ қағаздың бетіне көңілінің кірін төгеді, онысы елге жұғады. Мен әлім келгенше, ақыл-парасатым жеткенше, сол ақ қағаздың бетіне сәулелі ойларымды төккім келеді» деп қазақ көркем сөзіне адалдық

танытқан суреткердің: «Құйрық жалы төгілген мың сәйгүлік мың тарапқа бас бермей ағып бара жатқан...» – деп өзі жазып кеткендей, тірлігінде ешкімге дес бермеген Махамбет көкесінің өрлігіндей тарпаң мінез ханзадалық һәм зиялы болмысымен өзі де сол құйрық жалы төгілген сәйгүлік секілді, асау тұлпардай зулатып өте шығыпты...» [10].

Артынан сарқылмастай қазына қалдырған жазушы, драматург Рахымжан Отарбаев шығармашылығы әлі де ұзақ уақыт бойы өз оқырмандарын таңдандырып, қызықтырып жаңа белестерге бастайынына сеніміміз мол. Себебі оның шығармалары – өмірдің өзі. Жазушының шығармалары қазақ әдебиетін идеялық-тақырыптық жағынан байытты [11, 325].

### Әдебиеттер

1. Amangazykyzy M., Orazbek M., Toxambayeva A., Akmanova G., Talaspaeva Zh. Existential motives in city prose // *Astra Salvensis*. – 2021. – V. 2021. – P. 251-268.
2. Отарбаев Р. Шыңғыс ханның көз жасы: хикаят және әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2014. – 224 б.
3. Марко Поло. Путешествие по Татарии и другим странам Востока. – СПб.: П.П. Меркульев, 1873. – 254 с.
4. Нұрдәулетова Б. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалды бейнесі. – Астана, 2008. – 432 б.
5. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Екінші кітап. – Алматы, «Дайк-Пресс», 2004. – 515 б.
6. Әдебиет теориясы: Антология. 3-том / Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 440 б.
7. Бахтин М. М. Проблемы поэтики Достоевского / М.М. Бахтин. – М.: Советская Россия, 1979. – 320 с.
8. Назиров Р.Г. Трагедийное начало в романе Ф.М. Достоевского «Униженные и оскорбленные» // Назиров Р.Г. Русская классическая литература: сравнительно-исторический подход. Исследования разных лет: Сборник статей. – Уфа: РИО БашГУ, 2005. – С. 21-36.
9. Аймұхамбет Ж. Ш. Айтматов шығармаларының мифопоэтикалық құрылымы. URL: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/s-aitmatov-sygarmalaryny-n-mifopoetikalyq-qurylymy\\_\\_14227](https://adebiportal.kz/kz/news/view/s-aitmatov-sygarmalaryny-n-mifopoetikalyq-qurylymy__14227) (қаралды: 30.06.2023)
10. Ерболатқызы Қ. Мен таныған Отарбаев. URL: <https://zhasalash.kz/news/men-tanygan-otarbaev-18782/> (қаралды: 30.06.2023)
11. Toxambayeva A.O., Amangazykyzy M. Ideological, thematic and artistic originality of modern Kazakh prose // *Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL*. – №2(65)2022. – Алматы, 2022. – P. 325-335. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.65.2.025>

**А.О. ТОКСАМБАЕВА, А.К. КАДЫРОВ, Т.Б. КАБЫШЕВ**

Университет имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан

**ОБРАЗ ХАНОВ, СУЛТАНОВ И ГЕРОЕВ В ДРАМАТИЧЕСКИХ  
ПРОИЗВЕДЕНИЯХ РАХИМЖАНА ОТАРБАЕВА**

**Аннотация.** Цель статьи – рассмотреть вопрос о стилевой специфике творчества писателя Рахимжана Отарбаева, специфике образа писателя, его месте в современной прозе, традициях и новинках. Основная идея научной работы – показать на примерах особенности изображения ханов, султанов и героев в драматических произведениях Рахимжана Отарбаева.

Научная и практическая значимость работы заключается в том, что в статье всесторонне анализируется творческое наследие Рахимжана Отарбаева.

Методологической основой исследования являются философско-литературные исследования ученых-литературоведов А.А. Белих, Х.Г. Гадамера, Е.И. Дибровой, И.Д. Ермакова, Л.В. Карасева, Г.К. Коткова, Е.М. Лулудовой, В.П. Руднева и других.

Основной результат исследовательской работы – научный анализ творческого наследия Рахимжана Отарбаева, художественность и историчность произведений писателя на конкретных примерах.

Можно сказать, что художественный мир Рахимжана Отарбаева более своеобразен, чем художественные миры его современников. Каждый раз читатель видит образы, воплощающие замысел автора и представляет содержание романов в виде фильма. Главная цель художественных произведений писателя – показать будущее человека и общества. Данные цели пробуждают сознание человека, читающего каждое произведение, и дают духовное богатство. Человек – наши предки, в частности, Бейбарыс, Махамбет, написанные Отарбаевым. А общество – это среда, в которой жили эти деятели. А познание и горизонты следующего поколения, знамя страны завтрашнего дня, питает и питает жизнь людей.

В исследовательской работе использованы методы сравнительного анализа, систематизации, обобщения, вывода.

Практическая значимость выводов работы состоит в том, что данная статья может быть использована в качестве дополнительного учебного материала при подготовке к лекциям и семинарам по циклу литературоведческих дисциплин в вузах.

**Ключевые слова:** казахская проза, творчество Рахимжана Отарбаева, психологизм, образ, традиции и инновации.

**A.O. TOXAMBAYEVA, A.K. KADYROV, T.B. KABYSHEV**  
Shakarim University, Semey, Kazakhstan

**THE IMAGE OF KHANS, SULTANS AND HEROES IN THE DRAMATIC  
WORKS OF RAHIMZHAN OTARBAYEV**

**Abstract.** The purpose of the article is to consider the question of the stylistic specifics of the writer Rakhimzhan Otarbayev's work, the specifics of the writer's image, his place in modern prose, traditions and novelties. The main idea of the scientific work is to show by examples the features of the image of khans, sultans and heroes in the dramatic works of Rakhimzhan Otarbayev.

The scientific and practical significance of the work lies in the fact that the article comprehensively analyzes the creative heritage of Rakhimzhan Otarbayev.

The methodological basis of the research is the philosophical and literary studies of literary scholars A.A. Belikh, H.G. Gadamer, E.I. Dibrova, I.D. Ermakov, L.V. Karasev, G.K. Kotkov, E.M. Luludova, V.P. Rudnev and others.

The main result of the research work is a scientific analysis of the creative heritage of Rakhimzhan Otarbayev, the artistry and historicity of the writer's works on concrete examples.

It can be said that the artistic world of Rakhimzhan Otarbayev is more peculiar than the artistic worlds of his contemporaries. Each time the reader sees images embodying the author's idea and presents the content of the novels in the form of a film. The main purpose of the writer's works of fiction is to show the future of man and society. These goals awaken the consciousness of the person reading each work and give spiritual wealth. Man is our ancestors, in particular, Beybarys, Makhambet, written by Otarbayev. And society is the environment in which these figures lived. And the knowledge and horizons of the next generation, the banner of the country of tomorrow, nourishes and nourishes people's lives.

The research work uses methods of comparative analysis, systematization, generalization, and conclusion.

The practical significance of the conclusions of the work is that this article can be used as an additional educational material in preparation for lectures and seminars on the cycle of literary disciplines in universities.

**Keywords:** Kazakh prose, creativity of Rakhimzhan Otarbayev, psychology, image, traditions and innovations.

References

1. Amangazykyzy M., Orazbek M., Toxambayeva A., Akmanova G., Talaspaeva Zh. Existential motives in city prose // *Astra Salvensis*. – 2021. – V. 2021. – P. 251-268.
2. Отарбаев Р. *Ғыңғыс ханның көз жаяу: hikaiat және әңгімеlep*. – Astana:



Foliant, 2014. – 224 b.

3. Marko Polo. Putešestvie po Tatarii i drugim stranam Vostoka. – SPb.: P.P. Merkulev, 1873. – 254 s.

4. Nürdäuletova B. Jyraular poetikasyndaғы дүниениñ концептуалды beinesi. – Astana, 2008. – 432 b.

5. Qondybai S. Arğyqazaq mifologiasy. Ekinşı kitap. – Almaty, «Daik-Pres», 2004. – 515 b.

6. Ädebiet teoriasy: Antologia. 3-tom / Juli Rivkin men Maikl Raiannyñ redaksiasymen. – Almaty: «Ülttyq audarma bürosy» qoғamdyq qory, 2019. – 440 b.

7. Bahtin, M. M. Problemy poetiki Dostoevskogo / M.M. Bahtin. – M.: Sovetskaia Rosia, 1979. – 320 s.

8. Nazirov R.G. Tragedinoe nachalo v romane F.M. Dostoevskogo «Unijennye i oskorblennye» // Nazirov R.G. Ruskaia klasicheskaia literatura: sravnitelno-istoricheski podhod. İssledovania raznyh let: Sbornik statei. – Ufa: RİO BaşGU, 2005. – S. 21-36.

9. Aimühambet J. Ş. Aitmatov syğarmalarynyñ mifopoetikalyq qūrylymy. URL: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/s-aitmatov-syğarmalarynyñ-mifopoetikalyq-qūrylymy\\_\\_14227](https://adebiportal.kz/kz/news/view/s-aitmatov-syğarmalarynyñ-mifopoetikalyq-qūrylymy__14227)(qaraldy: 30.06.2023)

10. Erbolatqyzy Q. Men tanyған Otarbaev. URL: <https://zhasalash.kz/news/men-tanyған-otarbaev-18782/> (qaraldy: 30.06.2023)

11. Toxambayeva A.O., Amangazykyzy M. Ideological, thematic and artistic originality of modern Kazakh prose // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. – №2(65)2022. – Алматы, 2022. – P. 325-335. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.65.2.025>

**Авторлар жайлы мәлімет:**

**Тоқсамбаева Айман Омарқанқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің профессоры, Семей, Қазақстан.

**Тоқсамбаева Айман Омарқановна** – кандидат филологических наук, профессор Университета имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан.

**Toxambayeva Aiman Omarkanovna** – candidate of Philology sciences, professor, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

**Қадыров Айвар Қабыкенұлы** – филология ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің қауымдастырылған профессор, Семей, Қазақстан.

**Қадыров Айвар Кабыкенович** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Университета имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан.

**Kadyrov Aivar Kabykenovich** – candidate of Philology sciences, associate professor, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

**Қабышев Талғат Болатұлы** – филология ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің аға оқытушысы, Семей, Қазақстан.

**Қабышев Талғат Болатович** – кандидат филологических наук, старший преподаватель, Университета имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан.

**Kabyshev Talgat Bolatovich** – candidate of Philology sciences, senior lecturer, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.